

«Шарбұлақ» жалпы орта білім беретін мектебінің 2021-2022 оқу жылына жасаған педагогикалық әдепке іс –шаралар жоспары.

қ/с	Өтілетін материалдың тақырыбы	мерзімі	Аяқталу нысаны
КІРІСПЕ БӨЛІМІ			
1	Педагогикалық әдеп жайлы мектепшілік іс-шаралар жоспарын жасау, педагогикалық ұжымда талқылау , бекіту	25-тамыз 2021ж	Пед. отырыс
НЕГІЗГІ БӨЛІМ			
1	Педагогикалық әдептің отырыстарын белгілеу:		
2	I-отырыстың күн тәртібі : 1) педагогикалық этика және кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту. 2) мұғалімнің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті. 3) педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті.	31-тамыз 2021ж	Хаттама
3	II-отырыстың күн тәртібі : 1) жеке фотосуреттер мен бейнежазбаларды көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау . 2) педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика. 3) педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті .	2-қараша 2021ж	Хаттама
4	III-отырыстың күн тәртібі : 1) педагогтардың құқықтары . 2) мұғалім-педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары. 3) мектепте педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау.	05-қаңтар 2022ж	Хаттама
5	IV-отырыстың күн тәртібі : 1) педагог бейнесі. 2) өзінді – өзін тәрбиелеу жолдары. 3) педагогтардың әлеуметтік желіде , қоғамдық орындардағы этикалық нормалары.	28-наурыз 2022ж	Хаттама
ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМ			
1	Оқу жылы барысында атқарылған жұмыстарды тиянақтау	03-маусым 2022ж	Кеңес отырысы
	Жұмыс барысында жіберілген кемшіліктер, айтылған ұсыныстарды келесі оқу жылында есепке алу	03-маусым 2022ж	Кеңес отырысы

«Шарбұлақ» жалпы орта білім беретін мектебінің педагогикалық әдеп отырысынан

Х А Т Т А М А

Қатысқандар: педагогикалық ұжым.

31.08.2021ж

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық этика және кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту.
2. Мұғалімнің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті.
3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Ж.Жансеитова сөз алып, өз сөзінде педагогикалық этика нормаларына сәйкес мектепшілік педагогикалық әдеп кеңесін құру жөнінде айтып өтті. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес –педагогикалық әдеп қағидаларының бұзылуын қарап, нәтижелері бойынша тиісті ұсынымдар енгізу, сондай-ақ бұзушылықтардың алдын алуға және профилактикасына бағытталған шараларды іске асыру үшін білім беру ұйымында құрылатын алқалы орган (Қазақстан Республикасының Педагог мәртебесі туралы Заңы) .Сондай-ақ, мектептегі педагогикалық этикалық кеңесі мүшелеріне төмендегі педагогикалық ұжым мүшелерін ұсынды:

Қалмурзаев Ш.Р -кәсіподақ ұйымының төрағасы—кеңес төрағасы;

Егембердиев Қ.Қ –қосымша білім беру педагогы -кеңес мүшесі;

Смайлова Г. –бастауыш сынып мұғалімі- кеңес мүшесі;

Жунусова Д.Б –қазақ тілі пәнінің мұғалімі -- кеңес мүшесі;

Ертаева А. –химия-биология пәндерінің мұғалімі - кеңес мүшесі;

Ұсынылған кеңес мүшелеріне өздерінің оң пікірін педагогикалық ұжым мүшелері Бейсенова Д.З, Сатыбалдиева З.Б, Сатыбалдиева Н.Ж білдірді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша қосымша білім беру педагогы Қ.Егембердиев мұғалімнің өзінің кәсіби міндеттерін орындау жайлы тоқталып, мұғалімдерге сыртқы келбетіне сәйкес қоғам және оқушылар тарапынан көңіл бөлінетіндігін айта келе, мектеп ұжымының бірыңғай мектеп формасымен жүруін талап ету жайлы ұсынысын айтты. Айтылған ұсынысқа сәйкес мектеп қыздар педагогикалық ұжымы бірыңғай мектеп формасын киюге келісім - ұсыныстарын берді.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Жунусова Д.Б сөз алды. Өз сөзінде мұғалім азаматтардың педагогикалық этика және ережелерін қатаң сақтау талаптары қойылып жатқандығын айтты. Әлеуметтік желілерде мұғалім –педагогтардың сөйлеу әдебіне байланысты көптеген ұсыныстар мен пікірлер шығып жатқандығына тоқталды.

Айтылған ұсыныстар мен пікірлерді мектеп педагогикалық ұжымы үнемі педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеттілігін тағы да айтып өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша отырыс қаулы етеді:

1.Мектепте педагогикалық әдеп кеңесі құрылсын және оның мүшелері төмендегідей болып бекітілсін:

Қалмурзаев Ш.Р - —кеңес төрағасы;

Егембердиев Қ.Қ – -кеңес мүшесі;

Смайлова Г. – - кеңес мүшесі;

Жунусова Д.Б – -- кеңес мүшесі;

Ертаева А. – - кеңес мүшесі;

2.Мұғалімдердің сыртқы келбетін сақтауда мектеп формасын кию ұсынысы мақұлдансын.

3. Ұжым мүшелеріне педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеттелсін.

Отырыс төрағасы: Қалмурзаев.Ш.Р.
Отырыс хатшысы: Ертаева А.П

Х А Т Т А М А

Қатысқандар: педагогикалық ұжым.

2.11.2021ж

Күн тәртібінде:

1. Жеке фотосуреттер мен бейнежазбаларды көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау .
2. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика.
3. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті .

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары С.А.Қамбаров сөз алып, өз сөзінде жеке фотосуреттер мен бейнежазбаларды көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау жөнінде айтып өтті. педагог-мұғалімнің тарапынан кездесетін этикалық нормаларға сәйкес келмейтін жайттар болуы мүмкіндігіне тоқталды.Осындай жағдай кезінде мектеп ұжымы мен басшылық тарапынан атқарылатын жұмыстардың дұрыс жүргізілуі және мұғалімнің мәртебесін сақталуына көңіл бөлінуі қажет екендігі айтылды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша да мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары С.А.Қамбаров сөз алды. Сөз барысында баяндамашы педагогикалық тактикаға тоқталды. Педагогтың жұмыс барысында түрлі жағдайлар болатындығын және одан шығу жолдарын таба білуі бүгінгі күн педагогтарына қойылатын негізгі талаптардың бірі. Оқушымен және ата-анамен байланыс кезінде мұғалімнің өзін-өзі ұстау нормаларын сақтау міндеттерін айтты.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары М.М.Батырбеков педагогтардың әдебі және сөйлеу мәдениетіне тоқталды. Көпшілік орындарда, сынып ата-аналар жиналысында және тәрбие сағаттарында мұғалімнің сөйлеу мәдениетіне ерекше көңіл бөлінетіндігін айтып өтті. Жүйелі сөйлей отырып, өз ойын және пікірін тыңдаушы көпшілікке жеткізе білуі тиіс.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша отырыс қаулы етеді:

1. Фотосуреттер мен бейнежазбаларды көпшілік алдында жариялау кезінде педагогикалық этика қатаң сақталынсын.
2. Мұғалімнің жұмыс барысында көпшілікпен байланыс кезінде педагогикалық тактиканы сақтау қатаң ескертілсін.
3. Сөйлеу мәдениетіне көңіл бөлу мұғалімнің күнделікті қағидасына айналсын.

Отырыс төрағасы:

Қалмурзаев.Ш.Р.

Отырыс хатшысы:

Ертаева А.П

«Шарбұлақ» жалпы орта білім беретін мектебінің педагогикалық әдеп отырысынан

Х А Т Т А М А

Қатысқандар: педагогикалық ұжым.

05.01.2022ж

Күн тәртібінде:

1. Педагогтардың құқықтары .
2. Мұғалім-педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары.
3. Мектепте педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Батырбеков Қ.Т. педагогтың кәсіби қызметтегі құқықтары жайлы айтты. Педагог мәртебесі жайлы Қазақстан Республикасының заңнамасының 6-бабында көрсетілген құқықтарын үнемі басшылыққа алынып, жүзеге асыру көзделгенін анықтап отыратындығын айтып өтті. Педагогикалық әдеп нормалары бұзылған жағдайда Педагогикалық әдеп қағидаларына сәйкес әділ және объективті қызметтік тергеп – тексеруге құқылы екендігін айтты.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша да мектеп педагог-психологы Б.Е.Мамашова мұғалім-педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары жайында баян етті. Сөз барысында баяндамашы педагогтың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормаларын сақтауға және орындауға міндеттілігі туралы тоқталды. Педагог – тиісті бейіндер бойынша педагогикалық және кәсіптік білімі бар, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, оның ішінде қосымша білім беруді ұйымдастыру және білім беру қызметін ұйымдастыру және әдістемелік қамтамасыз ету бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын, кәсіптік стандартқа біліктілік талаптарына сай келетін, педагогикалық әдеп нормаларын сақтап, қамтамасыз ететін тұлға екендігін атап өтті.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектеп директоры Ж.И.Жансеитова сөз бастап, өз сөзінде мектепте педагогикалық әдеп кеңесі құрылып, өз жұмыстарын атқарып жатқандығын, педагогтардың құқықтарын сақтай отырып, белгіленген нормалар бойынша, ұжымда педагогикалық әдеп сақталынып отырғандығын айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша отырыс қаулы етеді:

1. Педагогтардың құқықтарының үнемі сақталуын және бұзылуына жол бермеу мектеп педагогикалық әдеп кеңесінен сұралсын.
2. Мұғалім-педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары сақтау әрбір мұғалімнің міндеті болып табылсын.
3. Мектепте педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау жұмыстарын жүйелі жүргізу мектеп әкімшілігінен сұралсын.

Отырыс төрағасы:
Отырыс хатшысы:

Қалмурзаев.Ш.Р.
Ертаева А.П

«Шарбұлақ» жалпы орта білім беретін мектебі бойынша

Бұйрық

Шарбұлақ е.м

№

28.08.2021ж

Мектептің педагогикалық әдеп туралы
іс –шаралар жоспарын бекіту жайлы

Қазақстан Республикасы Педагог мәртебесі Заңында көрсетілген педагогикалық әдеп нормалары мен ережелерін орындау жайлы **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектептің педагогикалық әдеп туралы іс –шаралар жоспары бекітілсін.
2. Мектепте педагогикалық әдеп кеңесі құрылсын және құрамы төмендегіше болып бекітілсін:
Қалмурзаев Ш.Р - —кеңес төрағасы;
Егембердиев Қ.Қ – -кеңес мүшесі;
Смайлова Г. – - кеңес мүшесі;
Жунусова Д.Б – -- кеңес мүшесі;
Ертаева А. – - кеңес мүшесі;
3. Педагогикалық әдеп кеңесі жұмыстарына бақылау мен басшылық жасауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:

Ж.Жансеитова